

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 517 қаулысы

Балық шаруашылығы саласындағы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Орал - Каспий облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы", "Балқаш - Алакөл облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы", "Зайсан - Ертіс облысаралық балық ресурстарын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі бассейндік басқармасы" мемлекеттік мекемелері базасында "Орал - Каспий облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы", "Балқаш - Алакөл облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы", "Зайсан - Ертіс облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы" мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдары құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Батыс аймақтық балық инспекциясы", "Солтүстік аймақтық балық инспекциясы", "Оңтүстік аймақтық балық инспекциясы" және "Орталық Шығыс аймақтық балық инспекциясы" мемлекеттік мекемелері Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің "Батыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы", "Солтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы", "Оңтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы" және "Орталық Шығыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы" мемлекеттік мекемелері болып қайта аталсын.

3 . < * >

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.04.06. N 310 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1

м а м ы р д а ғ ы

№ 517 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 18 шілдедегі

№ 714 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті аумақтық органдарының тізбесі

1. Орал-Каспий облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы.
2. Балқаш-Алакөл облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы.
3. Зайсан-Ертіс облысаралық балық шаруашылығы бассейндік басқармасы.
4. Батыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы.
5. Солтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы.
6. Оңтүстік аймақтық балық инспекциясы басқармасы.
7. Орталық-Шығыс аймақтық балық инспекциясы басқармасы.